

2026 жылға арналған білім беру гранттарының негізгі шарттары

1. 2026–2027 оқу жылына 44 серіктес жоғары оқу орны арасында бөлінген 350 білім беру гранты көзделген.

2. Қор бір академиялық жыл үшін оқу ақысын 1 млн теңгеге дейін төлейді және оқу жылының 10 айы бойы (шілде мен тамыз айларын қоспағанда) ай сайын 60 000 теңге мөлшерінде стипендия тағайындайды. Егер оқу құны белгіленген шектен асып кетсе, айырмашылықты студент өз қаражаты есебінен төлейді.

3. Қатысу үшін үміткердің жасы 25 жастан аспауы тиіс (қоса алғанда).

4. Ауылдық елді мекендерден, шағын және моноқалалардан шыққан мектеп түлектері қатыса алады және олар төмендегі санаттардың біріне жатуы қажет:

1) жетім балалар және кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) мүгедектігі бар адамдар;

3) мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар.

5. Грант алуға ұсынылатын кандидаттардың тізімін серіктес жоғары оқу орындары ағымдағы жылы ҰБТ тапсырған және тиісті жоғары оқу орны белгілеген өту балын жинаған талапкерлер арасынан қалыптастырады (бар болған жағдайда шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріледі).

6. Грант алуға үміткер кандидаттар серіктес жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларына мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) өтінім-сауалнама;

2) кандидаттың келісім хаты;

3) грант алушылардың тиісті санатына жататынын растайтын құжаттар.

Құжаттардың нысандары мен іріктеудің толық тәртібі «Қазақстан халқына» ҚҚ талапкерлерді іріктеу моделінде бекітілген.